

Мойнақ ГЭС-ін салудың бірінші кезектегі мәселелерін шешу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы N 10-ө
Өкімі

Мойнақ ГЭС-ін салуды бастау мәселелерін шешуді жылдамдату мақсатында:

1 . Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Оразбаев	- Қазақстан Республикасының Энергетика және
Бірлік Есіркепұлы	минералдық ресурстар вице-министрі, жетекші
Комаров	- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Геннадий	Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті
Григорьевич	төрағасының орынбасары
Сағындықов	- Қазақстан Республикасы Экономика және
Самат Алпысұлы	бюджеттік жоспарлау министрлігі инвестициялық
	жоспарлау және талдау басқармасының бастығы
Әбітаев	- "KEGOC" акционерлік қоғамының вице-
Есбергген	президенті (келісім бойынша)
Әбітайұлы	
Белқожаев	- "Бірлік" акционерлік қоғамының президенті
С т а х а н	(келісім бойынша)
Белқожаұлы	
Авчиханов	- "Қазгидрожоба" жабық акционерлік қоғамының
Султан	президенті (келісім бойынша)
Гусейнович	
Жақанов	- "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік
Жанат Шәмшіұлы	қоғамының басқарушы директоры (келісім бойынша)
Бейбітов	- Қазақстан Республикасы Энергетика және
Есілбай	минералдық ресурстар министрлігі Электр
Досмағамбетұлы	энергетикасы және көмір өнеркәсібі
	департаментінің бөлім бастығы

2. Қоса беріліп отырған Мойнақ ГЭС-ін салудың бірінші кезектегі мәселелерін шешу жөніндегі жұмыс тобының жұмыс жоспары бекітілсін.

3. Жұмыс тобы ГЭС салу үшін заңды тұлға құрылғанға дейін Мойнақ ГЭС-ін салудың бірінші кезектегі мәселелерін орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

4. Жұмыс тобының жетекшісі айына екі рет Мойнақ ГЭС-ін салудың бірінші кезектегі мәселелерін шешу жөніндегі жұмыс жоспарының іске асырылу барысы туралы Үкіметке хабарласын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 21 қаңтардағы
N 10 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

**Мойнақ ГЭС-ін салудың бірінші кезекті мәселелерін
шешу жөніндегі жұмыс тобының
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Р / с N	Жұмыстардың тізбесі	Орындалу мерзімі
1	"Бірлік" АҚ-тың Мойнақ ГЭС-ін салудың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге дайындауы және "Қазгидрожоба" ЖАҚ-қа техникалық тапсырма беруі	2 0 0 5 жылғы 27 қаңтар
2	Мойнақ ГЭС-ін салу жобасын іске асыру үшін заңды тұлғаны құруға қатысу	2005 жылғы ақпан
3	Мойнақ ГЭС-ін салудың техникалық-экономикалық негіздемесін, оның ішінде қоршаған ортаға әсер етуін алдын ала бағалауды (ҚОӘАлДБ) әзірлеу	2005 жылғы 4 наурыз
4	Техникалық-экономикалық негіздемені келісу және сараптау	2 0 0 5 жылғы 25 наурыз
5	Техникалық-экономикалық негіздемені бекіту	2 0 0 5 жылғы 30 наурыз